

**Қарақол ауылдық округінің Қарақол ауылынан мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез індетінің шығуына байланысты шектеу қою туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қарақол ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі N 4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 16 сәуірде N 5-18-147 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы Қарақол ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі N 17 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы Қарақол ауылдық округі әкімінің 2012.09.18 N 17 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Үржар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторының 2012 жылдың 11 наурыздағы № 107 ұсынысы негізінде Қарақол ауылдық округі әкімі **Ш Е Ш Т І :**

1. Қарақол ауылдық округінің Қарақол ауылында мүйізді ұсақ малдарының арасында бруцеллез індетінің шығуына байланысты, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шектеу іс-шараларын енгізе отырып, шектеу қойылсын.

2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы Т. Тұрыспековке осы шектеу іс-шаралары талаптарының орындалуына бақылауды қ а м т а м а с ы з е т у ұ с ы н ы л с ы н .

3. Қарақол ауылдық округінің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық мал дәрігері М. Мусабаяев сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*о к р у г і н і ң ә к і м і*

*Қ а р а қ о л а у ы л д ы қ  
А. Лебаев*

*Келісілді:*

Қазақстан Республикасы ауыл  
шаруашылық Министрлігі  
ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Үржар  
аудандық аумақтық инспекциясының  
мемлекеттік ветеринариялық-  
санитариялық инспекторы Т. Тұрыспеков

02 сәуір 2012 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК